

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 2016 жылғы 27 маусымдағы № 5/8 "Атаулы және мереке күндеріне орай алушылардың жекелеген санаттары үшін әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 2020 жылғы 26 ақпандағы № 64/4 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 2 наурызда № 6060 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 2021 жылғы 25 қарашадағы № 13/3 шешімімен

Ескеरту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 25.11.2021 № 13/3 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 2-3-тармағына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының "Атаулы және мереке күндеріне орай алушылардың жекелеген санаттары үшін әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу туралы" 2016 жылғы 27 маусымдағы № 5/8 шешіміне (2016 жылғы 3 тамызда "Әділет" Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3846 болып тіркелді) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2020 жылғы 5 ақпаннан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.

*Солтүстік Қазақстан облысы
Мамлют ауданы мәслихаты
сессиясының төрағасы*

*Солтүстік Қазақстан облысы
Мамлют ауданы
мәслихатының хатшысы*

Д.Омарова

P.Нұрмұканова

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют

ауданы мәслихатының 2020 жылғы 26
ақпаны № 64/4 шешіміне қосымша
Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют
ауданы мәслихатының 2016 жылғы 27
маусымдағы № 5/8 шешіміне қосымша

Атаулы және мереке күндеріне орай алушылардың жекелеген санаттары үшін әлеуметтік көмектің мөлшерлері

p/п №	Атаулы және мереке күндерінің және әлеуметтік көмектің алушылар санаттарының атауы	Әлеуметтік көмек көрсетудің еселігі және мөлшері (айлық есептік көрсеткіш)
Ауганстан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің шығарылған күні – 15 ақпан		
1	<p>Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы үкімет органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысқан - Совет Армиясының, Әскери-Теңіз флотының, Мемлекеттік кауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Ішкі істер министрлігінің катардағы және басқарушы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса есептегендеге); жаттығу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауганстанға жіберілген әскери міндеттілер; ұрыс қимылдары жүріп жатқан осы елге жүк жеткізу үшін Ауганстанға жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері; бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының аумағынан Ауганстанға жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін ұшуладар жасаған ұшу құрамының әскери қызметшілері; Ауганстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткен жараланған, контузия алған немесе зақымданған, яки ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдерімен</p>	жылына 1 (бір) рет

	наградталған жұмысшылар мен қызметшілер	15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштері
2	Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының қорғау кезінде, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа уақытта орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде әскери міндетін өтеу кезінде ауруға шалдыгуы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілер	жылына 1 (бір) рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштері
3	Басқа елдерде қымыл жасаған әскер құрамдарына қызмет көрсеткен және ұрыс қимылдарының жүргізу кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан мүгедек болған тиісті санаттағы жұмысшылар мен қызметшілер	жылына 1 (бір) рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштері
4	Ауғанстандағы немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі ұрыс қимылдары кезеңінде жараланудың, контузия алуудың, зақымданудың немесе ауруға шалдырудың салдарынан каза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасылары	жылына 1 (бір) рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштері
5	1979 жылдың 1 желтоқсаны мен 1989 жылдың желтоқсаны аралығында Ауғанстанға және ұрыс қимылдары жүріп жатқан басқада мемлекеттерге жұмысқа жіберілген жұмысшылар мен қызметшілер	жылына 1 (бір) рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштері
6	Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Мемлекет қауіпсіздігі комитетінің Ауғанстанда уақытша, болған және совет әскерлерінің шектелген құрамына енбекен жұмысшылары мен қызметшілері	жылына 1 (бір) рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштері

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні

"Алтын алқа", "Күміс алқа" алкаларымен, I және II дәрежелі " Ана даңқы" ордендерімен	жылына 1 (бір) рет
--	--------------------

1	маралатталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған көпбалалы аналар	10 (он) айлық есептік көрсеткіштері
2	Құрамында бірге тұратын кәмелетке толмаған төрт және одан көп балалары, оның ішінде кәмелеттік жасқа толғанинан кейін білім беру үйімдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйімдарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалары бар көпбалалы отбасылары	жылына 1 (бір) рет 5 (бес) айлық есептік көрсеткіштері

26 сәуір – Чернобыль атом электр станциясындағы апартты еске алу күні

1	1986-1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апарттың, сондай-ақ азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апарттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтар мен жаттыгуларға тікелей қатысқан адамдар	жылына 1 (бір) рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштері
2	Чернобыль атом электр станциясындағы апарттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апарттар мен авариялардың, ядролық қаруды сынаудың салдарынан мүгедек болған адамдар, сондай-ақ ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуы себебінен генетикалық жағынан мүгедек болып қалған олардың балалары	жылына 1 (бір) рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштері
3	Чернобыль атом электр станциясындағы апарттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апарттар мен авариялардың зардаптарын жою кезінде қаза тапқан адамдардың отбасылары	жылына 1 (бір) рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштері
	Чернобыль атом электр станциясындағы апарттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа	

4	да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық сынаулардың салдарынан сәуле ауруына шалдығып қайтыс болғандардың, немесе өлімі белгіленген тәртіппен солардың ықпалына байланысты болған мүгедектердің, сондай-ақ азаматтардың отбасылары	жылына 1 (бір) рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштері
5	1988-1989 жылдардағы Чернобыль атом электр станциясындағы апattyң зардалтарын жоюға қатысқан, оқшаулау аймағынан Қазақстан Республикасына қоныс аудартқан (өз еркімен көшкен) адамдар қоныс аудартқан күni анасының құрсағындағы балаларды қоса алғанда	жылына 1 (бір) рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштері

7 мамыр – Отанды қорғаушы күні

1	Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Қорғаныс министрлігіне, ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарына әскери міндеттін өтеу жиындарына шақырылған, қоғамға жат көріністерге байланысты төтенше жағдайлар кезінде қоғамдық тәртіпті сактау жөніндегі тапсырмаларды орындау барысында қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің, басшы және катардағы құрам адамдарының отбасылары	жылына 1 (бір) рет 5 (бес) айлық есептік көрсеткіштері
2	Бейбіт уақытта әскери қызметтін өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасылары	жылына 1 (бір) рет 5 (бес) айлық есептік көрсеткіштері

9 мамыр – Женіс күні

1	Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері	2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, жылына 1 (бір) рет 100 (жұз) айлық есептік көрсеткіштері, 2020 жылғы 9 мамырга 300 000 (үш жұз) мың теңге
	Қорғанысина қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген женеңдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1	2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, жылына 1 (бір) рет

2	<p>кантарға дейін есептелді қалаларда Ұлы Отан соғысы кезінде қызмет атқарған әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және катардағы құрамының адамдары</p>	<p>5 (бес) айлық есептік көрсеткіштері, 2020 жылғы 9 мамырға 100 000 (жұз) мың тенге</p>
3	<p>Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық қызмет атқарған Совет Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдама құрамаларының адамдары, яки сол кездерде корғанысына қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген женілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 кантарға дейін есептелеғен қалаларда болған адамдар</p>	<p>2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, жылына 1 (бір) рет 5 (бес) айлық есептік көрсеткіштері, 2020 жылғы 9 мамырға 100 000 (жұз) мың тенге</p>
4	<p>Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия мен флоттың құрамына кірген бөлімдердің, штабтар мен мекемелердің құрамында полк баласы (тәрbiеленушісі) және теңізші бала ретінде болғандар</p>	<p>2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, жылына 1 (бір) рет 5 (бес) айлық есептік көрсеткіштері, 2020 жылғы 9 мамырға 100 000 (жұз) мың тенге</p>
5	<p>Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында шетелдердің аумағында фашистік Германия мен оның одақтастарына карсы ұрыс қымылдарына партизан отрядтары, астыртын топтар және басқа да антифашистік құрамалар құрамында қатысқан адамдар</p>	<p>2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, жылына 1 (бір) рет 5 (бес) айлық есептік көрсеткіштері, 2020 жылғы 9 мамырға 100 000 (жұз) мың тенге</p>
	<p>Қатынас жолдары халық комиссариаты, Байланыс халық комиссариаты арнайы құрамаларының, кәсіпшілік және көлік кемелерінің жүзу құрамы мен авиацияның ұшу-көтеру құрамының, бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар</p>	

6	<p>Одағы Балық өнеркәсібі халық комиссариатының, Тәңіз және өзен флотының, Солтүстік тәңіз жолы Бас басқармасының ұшу-көтеру куррамының Ұлы Отан соғысы кезінде әскери қызметшілер жағдайына көшірілген және ұрыс майдандарының тылдағы шептері, флоттардың оперативтік аймактары шегінде майдандағы армия мен флот мұдделеріне орай міндеттер атқарған қызметкерлері, сондай-ақ Ұлы Отан соғысының бас кезінде басқа мемлекеттердің порттарында тұтқындалған көлік флоты кемелері экипаждарының мүшелері</p>	<p>2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, жылына 1 (бір) рет 5 (бес) айлық есептік көрсеткіштері, 2020 жылғы 9 мамырға 100 000 (жұз) мың теңге</p>
7	<p>Коршаудағы кезеңінде Ленинград қаласының кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты корғағаны үшін" медалімен әрі "Коршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтар</p>	<p>2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, жылына 1 (бір) рет 5 (бес) айлық есептік көрсеткіштері, 2020 жылғы 9 мамырға 60 000 (алпыс) мың теңге</p>
8	<p>Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одактастары құрган концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстая орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындары</p>	<p>2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, жылына 1 (бір) рет 5 (бес) айлық есептік көрсеткіштері, 2020 жылғы 9 мамырға 100 000 (жұз) мың теңге</p>
9	<p>Әскери міндеттің орындау кезінде жааралануы, контузия алуы, закымдануы салдарынан, яки майданда болуына немесе ұрыс кимылдары жүргізілген мемлекеттерде әскери міндеттің орындауына байланысты ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамындағы адамдар</p>	<p>2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, жылына 1 (бір) рет 5 (бес) айлық есептік көрсеткіштері, 2020 жылғы 9 мамырға 100 000 (жұз) мың теңге</p>
	<p>1944 жылдың 1 қаңтарынан 1951 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі кезеңде Украина Кеңестік Социалистік Республикасы, Беларусь Кеңестік Социалистік Республикасы, Литва Кеңестік Социалистік Республикасы,</p>	

10	Латыш Кеңестік Социалистік Республикасы, Эстон Кеңестік Социалистік Республикасы аумақтарында қымыл жасаған халықты корғауши истребительдік батальондардың, взводтар мен отрядтардың жауынгерлері мен командалық кұрамы қатарында болған, осы батальондарда, взводтарда, отрядтарда қызмет міндегін атқару кезінде жаралануы, контузия алуы немесе закымдануы салдарынан мүгедек болған адамдар	2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, жылына 1 (бір) рет 5 (бес) айлық есептік көрсеткіштері, 2020 жылғы 9 мамырға 60 000 (алпыс) мың теңге
11	Ұлы Отан соғысында каза тапқан, жергілікті әуе қорғанысының объектілерді өзін-өзі қорғау топтары мен авариялық командаларының жеке құрамы қатарындағы адамдардың отбасы, Ленинград қаласының госпитальдері мен ауруханаларында қаза тапқан қызметкерлердің отбасылары	2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, жылына 1 (бір) рет 5 (бес) айлық есептік көрсеткіштері, 2020 жылғы 9 мамырға 30 000 (отыз) мың теңге
12	Екінші рет некеге тұрмадан, қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдері (куйеулери), сондай-ақ қайтыс болған соғыска қатысушылардың, партизандардың, астыртын курсес жүргізушілердің, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен және "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған, жалпы ауруға шалдығу, еңбекте мертігу және басқа да себептер (күкіркә қайшы келетіндерін қоспағанда) салдарынан мүгедек деп танылған азаматтардың әйелдері (куйеулери)	2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, жылына 1 (бір) рет 5 (бес) айлық есептік көрсеткіштері, 2020 жылғы 9 мамырға 30 000 (отыз) мың теңге
13	Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы енбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бүрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған адамдар	2020 жылғы 9 мамырды қоспағанда, жылына 1 (бір) рет 5 (бес) айлық есептік көрсеткіштері, 2020 жылғы 9 мамырға 30 000 (отыз) мың теңге
	1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткөрген), соғысы	

жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталмаған және Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілмеген адам

2020 жылғы 9 мамырға
30 000 (отыз) мың тенге

31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні

	<p>Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы аумағында саяси қуғын-сүргіндерге тікелей ұшыраған және қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын адамдар</p>	<p>жылына 1 (бір) рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштері</p>
2	<p>Қазақстан Республикасының қазіргі аумағында өздеріне қуғын-сүргіндер қолданылғанға дейін тұрақты өмір сүрген адамдар мына төмендегі жағдайларда танылады:</p> <p>а) бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағынан тысқары жерлерде қуғын-сүргіндерді кенес соттары мен басқа да органдардың қолдануы;</p> <p>б) екінші дүниежүзілік соғыс кезінде (жай адамдар мен әскери қызметшілерді) тұрақты армия әскери трибуналдарының айыппауы;</p> <p>в) Қазақстаннан тысқары жерлерде әскери қызмет атқару үшін шақырылғаннан кейін қуғын-сүргіндердің қолдануы;</p> <p>г) қуғын-сүргіндерді орталық одактық органдар: Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Жоғарғы Соты мен оның сот алқаларының, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Ишкі істер халық комиссариаты - Мемлекет Қауіпсіздігі министрлігі - Ишкі істер министрлігі жанындағы айрықша кеңестің, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Прокуратурасы мен Кеңестік Социалистік</p>	<p>жылына 1 (бір) рет</p>

	<p>Республикалар Одағы Ішкі істер халық комиссариатының Тергеу Истері жөніндегі комиссиясының және басқа органдар шешімдері бойынша колдануы;</p> <p>д) Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғаларына катаюсқаны үшін, осы оқиғаларда қасақана кісі өлтіргені және милиция қызметкерінің, халық жасақшысының өміріне қастандық жасағаны үшін сотталған, өздеріне катасты қылмыстық істерді қайта караудың қолданылып жүрген тәртібі сақталатын адамдарды қоспағанда, күғын-сұргіндердің колданылуы жағдайларында танылады</p>	15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштері
3	<p>Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы мемлекеттік өкіметтің жоғары органдарының құжаттары негізінде Қазақстанға және Қазақстанинан күштеу арқылы құқыққа қарсы қоныс аударуға ұшыраған адамдар</p>	<p>жылына 1 (бір) рет</p> <p>15 (он бес) айлық есептік көрсеткіштері</p>
4	<p>Ата-аналармен немесе олардың орындағы адамдармен бірге бас бостандығынан айыру орындарында, айдауда, жер аударуда немесе арнайы қоныс аударуда болған саяси күғын-сұргіндер құрбандағының балалары, сондай-ақ күғын-сұргін кезінде он сегіз жасқа толмаған және оның қолданылуы нәтижесінде ата-анасының немесе олардың біреуінің камқорлығының калған саяси күғын-сұргіндер құрбандағының балалары</p>	<p>жылына 1 (бір) рет</p> <p>7 (жеті) айлық есептік көрсеткіштері</p>
30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні		
	<p>Қазақстан Республикасына ерекше енбегі үшін зейнетакы тағайындалған адамдар, облыстық маңызы бар дербес зейнеткер мэртебесі бар зейнеткерлер, облыстың, қаланың (ауданның) құрметті азаматтары</p>	<p>жылына 1 (бір) рет</p> <p>10 (он) айлық есептік көрсеткіштері</p>

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК